Electrolux

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

TAPTRONIC PRIME

4826765

Taptronic Prime электр ағынды су ысытқышының пайдалану нұсқаулығы

Таңдауыңыз үшін алғыс білдіреміз!

Сіз ең үздік Electrolux өнімін таңдадыңыз, ол болашақта Сізге көп қуаныш әкеледі деп сенеміз. Electrolux компаниясы Сіздің өміріңізді одан да жайлы етуге көмектесетін сапалы өнімдердің барынша кең ассортиментін ұсынуға тырысады.
Осы нұсқаулықтың мұқабасында бірнеше мысалды көре аласыз. Сонымен қатар **www.home-comfort.ru** сайтынан жан-жақты ақпарат ала аласыз**.** Жаңа су ысытқышыңызды дұрыс пайдалану және оның артықшылықтарынан ләззат алу үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Ол оңай қолданылатындықтан, Сіздің өміріңізді барынша жайлы ететіндігіне кепілдік береміз. Сәттілік!

Сервис орталықтарының мекенжайын **www.home-comfort.ru** сайтынан **немесе** дилеріңізден біле аласыз.

Мазмұны

Су ысытқыштың қысқаша сипаты	**3**
Жинақтама	**3**
Габарит өлшемдері	**3**
Су ысытқышты орнату	**3**
Пайдалану ережелері	**4**
Су ысытқыштың жұмыс принципі	**5**
Қауіпсіздік шаралары	**6**
Құрылғыға күтім жасау	**7**
Кепілдік	**8**
Пайдалану мерзімі	**8**
Кәдеге жарату	**8**
Өндірілген күні	**8**
Тасымалдау және сақтау	**8**
Сертификаттау	**8**
Техникалық сипаттамалар	**9**
Кепілдік талоны	**10**

Ескертпе:
Осы нұсқаулықтың мәтінінде, электр ағынды су ысытқыштың келесі техникалық атаулары болуы мүмкін: су ысытқыш, аспап, құрылғы және т.б.

Су ысытқыштың қысқаша сипаты

Taptronic Prime сериялы электр ағынды су ысытқыштары ағынды суды ысытуға арналған. Осы аспап сенімді және қауіпсіз қолданылуымен, жоғары өнімділігімен, сәнді дизайнымен және пайдалану ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Температура 85 °C-ге жеткен кезде электр қуат көзі автоматты түрде ажыратылып, аспап суды ысытуды тоқтатады. Құрғақ ысытудан қорғау. Электр тогының соғуынан қорғау. Ысыту элементтері су ысытқыштың сенімді түрде пайдаланылуын қамтамасыз етеді.
Шығыстағы ыстық су температурасы араластырғышты ашу дәрежесіне байланысты болады.
Шығыны неғұрлым төмен болса, шығыстағы ыстық су температурасы соғұрлым жоғары болады. Аспап станционарлы түрде жүргізілген су құбыры мен электр тогы (бір фазалы қуат көзі керек) бар үй-жайларда орнатылады. Су ысытқышты температурасы төмен (0 °C-ден төмен) үй-жайларда орнатуға болмайды. Су ысытқыш оңай қолданылып, орнатылады және электр энергиясының өте аз жұмсалуына және дайындалған судың тиімді шығындалуына байланысты үнемді түрде қолданылады. Су ысытқыш арнайы термотұрақты колбадан, тоттанбайтын болаттан жасалған сенімді және төзімді қыздырғыш элементтен, сондай-ақ аспаптың қауіпсіз жұмысын қадағалайтын және ағынды су ысытқыштың ұзақ уақыт бойы қолданылатына кепілдік беретін құрылғылардан тұрады. Су ысытқышты орнатуға және пайдалануға дейін осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығуды.

Жинақтама

- қуат көзі сымы бар су ысытқыш — 1 дана;
- еуроаша — 1 дана;
- пайдаланушы нұсқаулығы — 1 дана;
- кепілдік талоны (нұсқаулықта) — 1 дана;
- қысқыш сақина — 1 дана;
- төсем — 1 дана;
- бекіткіш сомын — 1 дана.
- аспаптың баптауларын бастапқы қалпына келтіру құралы — 1 дана.

Габарит өлшемдері



1-сурет

Су ысытқышты орнату

Ағынды су ысытқышты орнату және электр қуат көзін қосу жұмысын мамандандырылған авторизацияланған ұйым немесе электр жабдықтарды орнатуға рұқсаты бар мамандар, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып орындауы тиіс. Су ысытқышты орнату және пайдалану талаптары бұзылған жағдайда, аспапқа кепілдік бойынша қызмет көрсетілмейді, ал өндіруші оған жауапты емес.
Аспап үй-жайда орнатылуы мүмкін, бұл кезде үй-жайдағы температура 0 °C-ден төмен болмауы тиіс.
Су құбырына қосу Ағынды су ысытқышты су қысымы 0,4–6 бар болатын су құбыры желісіне қосу керек. Аспапты резервуардағы сумен қамтамасыз етуге болады, ондағы су деңгейі су ысытқыштың деңгейінен кемінде 4 метр жоғары болуы тиіс.

Резервуардағы суды беру кезінде, тұтынушы резервуардағы су деңгейін өз бетінше бақылауға міндетті. Су деңгейі барынша азайған жағдайда, су ысытқышты сөндіріп, резервуарды сумен толтыру керек.
Су ысытқышқа су тікелей ұңғымалардан, құдықтардан немесе су айдауыш мұнаралардан келіп тұрса, онда су ысытқышты пайдалану үшін, су ысытқышқа келетін суық суға бастапқы тазарту сүзгісін міндетті түрде қолдану керек. Бастапқы тазарту сүзгісін мамандандырылған дүкендерден сатып алуға болады. Бастапқы тазарту сүзгісі орнатылмаған болса, өнімге кепілдік берілмейді. Сонымен қатар су ағыны азаймауы және су ысытқыш істен шықпауы үшін, шашыратқыш-аэраторды қоқым мен қақтан үнемі тазартып тұру керек. Бітеліп қалған шашыратқыш-аэратормен бірге су ысытқышты пайдалануға болмайды.

Су ысытқыштан су біркелкі ағынмен ағатын болса ғана аспапты қолдануға болады!

Осындай бұзылу жағдайына кепілдік берілмейді. Аспап тек тігінен орнатылады, кез келген басқа тәсілмен басқа жерге көшіруге болмайды.

Ескертпе:
Электр аша орнату нұсқасы таңдалғаннан кейін ғана орнатылады.

Розеткаларды ванна бөлмелерінде раковинадан немесе ваннадан кемінде 60 см қашықтықта орналастыруға болады, розетканың нұсқасы ылғалдан қорғалған әрі қорғаныс класы кемінде IPX4 болуы тиіс.



1. Төсем
2. Қысқыш сақина
3. Бекіткіш сомын
4. Суық су кірісі
5. Суық су кірісіндегі кран
6. Су ысытқыштан судың шығуы

2-сурет.

Пайдалану ережелері

Электр энергиясын қосу
Су ысытқыш 20 А қорғаныс автоматы бар, сымның ең жіңішке қимасы 3x1.5 мм^2 (мыс) болатын үш өзекті электр кәбіл арқылы 230 В кернеулі айнымалы токтың электр желісіне қосылуы тиіс.

Міндетті түрде электр тогын жерге тұйықтау керек! Ауа кептелісі пайда болмауы және аспап істен шықпауы үшін, аспап тек көлденең тегіс бетке ғана орнатылуы тиіс!

Аспапты электр желісіне қосу кезінде, электр кәбіл айтарлықтай ұзартылған жағдайда, оның қимасы ұлғаятынын білген жөн. Су ысытқыш электр қуат көзі желісіне стационарлы тәсілмен қосылуы тиіс, ұзартқыштарды немесе тасымалы розеткаларды қолдануға болмайды.

- Ыстық су тарататын кешенді құрылғыларды ғана қолдануға болады.
- Кранды ашқаннан және қыздыруды қосқаннан кейін, ысытылатын су температурасы тұрақтануы үшін біраз уақыт (шамамен 15 сек.) күту керек. Шығыстағы су температурасын, ағысты азайту не арттыру қранының көмегімен реттеуге де болады. Ағысты азайтқан сайын, температура артады және керісінше.
- Су ысытқышты сөндіру үшін реттеу тұтқасын Stop күйіне ауыстыру керек.



1. Қыздыру температурасын көрсететін дисплей
2. Иілгіш
3. Реттеу тұтқасы
Stop — ағынды тоқтату
Hot — суы жылытылатын ағынды ашу
Cold — суы жылытылмайтын ағынды ашу
4. Аспап корпусы



1. Ысып тұрған су температурасы
2. Аспаптың қосылып тұрған қуаты режимі
3. Қуат режимдерін ауыстыратын сенсор түймелер:
«+» — қосылып тұрған қуатты арттыру
«–» — қосылып тұрған қуатты азайту
4. Аспаптың баптауларын бастапқы қалпына келтіру қажеттілігі туралы ескерту
5. Температураның 50 °C-ден жоғары екені туралы ескерту



Су ысытқыштың жұмыс принципі

Судың кіріс ағыны колбаның ішіндегі қыздырғыш элемент (ТЭҚ) арқылы аққан уақытта қызады. Су құбыры желісіндегі су температурасы (3 °C мен 20 °C аралығы) жыл бойы ауытқуы мүмкін. Қыстыгүні қолайлы температураға (шамамен 43 °C) қол жеткізу үшін, қысқы ағысты, жазғы ағыспен салыстырғанда, азайту керек.

⚠

Су ысытқыштың суы қатып қалса, оны қоспаңыз.

Ағынды су ысытқыш келесі реттеу құрылғыларымен жабдықталған:

- Қыздырғыш элемент (ТЭҚ), судың оңтайлы қысымы 0,4–6 Мпа диапазонында болған кезде ғана қосылады. Оны кіріктірілген қысым датчиктері автоматты түрде бақылайды. Кірістегі су қысымы нормадан төмен (0,4 бар мәнінен төмен) түссе, онда кіріктірілген қысым датчигі іске қосылып, электр тогын ажыратады (су ысыту).
- Ысытылатын судың температурасы шамадан тыс жоғарыласа, қорғағыш температура датчигі электр қуатын беруді ажыратады. Датчик іске қосылған жағдайда, датчиктің іске қосылу себебін диагностикалау үшін жақын маңдағы сервис орталығына хабарласу керек. Су ысытқышты дұрыс пайдаланбау және дұрыс орнатпау салдарынан ол бұзылып қалуы және пайдаланушыға зиян келтіруі мүмкін.
- Тек тұрмыстық мақсатта ғана қолданыңыз. Су ысытқыш өнеркәсіптік мақсатта қолдануға арналмаған.

HOT — су ысыту температурасы 50°C-ден асса, индикатор қосылады
RESET — су ысыту температурасы немесе аспап корпусының температурасы 85 °C-ге жетсе, индикатор қосылады. Жағдайлардың бірі туындаса, индикатор әрдайым қосылып тұрады. Оны сөндіру үшін:
1. Корпустың алдыңғы бөлігіндегі (түбіндегі) бітеуішті алып тастаңыз.



2. Жиынтыққа кіретін баптауларды бастапқы қалпына келтіру құралының көмегімен ауыстырып қосқышты аздап жоғары қарай басып, бұрынғы орнына қойыңыз:



Қауіпсіздік шаралары

- Электр кәбілі зақымдалған немесе басқа да зақымдары бар су ысытқышты қолданбаңыз. Диагностикалау және жөндеу үшін сіздің өніріңіздегі өндірушінің жақын маңдағы авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.
- Электр кәбілдің өткір жиектерден өтпеуін және ыстық беттерге тимеуін қадағалаңыз.
- Қосылып тұрған су ысытқышты ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.
- Балаларға су ысытқышты үлкендердің қарауынсыз қолдануға рұқсат етпеңіз.
- Су ысытқышты қосу тәртібін мұқият сақтаңыз, себебі дұрыс қоспау салдарынан ол істен шығуы және пайдаланушыға зиян келтіруі мүмкін.
- Судың кіріс және шығыс күйлерінің орнын ауыстырмаңыз, себебі су ысытқыш бұзылуы және пайдаланушыға зиян келтірілуі мүмкін.
- Су ысытқыш көлденең қатты бетке, тігінен ғана түзу орнатылады.
- Су ысытқышты өзге күйде қосу оны істен шығаруы мүмкін.
- Су ысытқышты тек түпнұсқа душ саптамасымен және/немесе кранмен бірге пайдаланып, олардың бітелуіне жол бермеу керек.
- Су ысытқыш тек суды ысытуға арналған. Өнімді басқа сұйықтықтарды ысыту үшін қолданбаңыз, себебі су ысытқышқа және пайдаланушыға ауыр зиян келтірілуі мүмкін.

- Құрылғының электр сымдарын су құбырына, газ құбырына және тағы басқаға қоспаңыз.
- Электр сымдар желісінің дұрыс (соның ішінде жерге тұйықтау контурына) қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Қолдану алдында электр желіңіздің параметрлері осы су ысытқыштың сипаттамаларына сай келетініне көз жеткізіңіз.
- Кірістегі су температурасы +35 °С-ден аспауы тиіс.
- Су ысытқышқа су бүркуге немесе су шашуға болмайды.
- Аспапты ванна бөлмесінде орнату кезінде бөлек электр қуат көзін (су ысытқышты орнату орнына байланысты) қолданыңыз, электр қуат көзін және су ысытқыштың техникалық талаптарына сай келетін ванна бөлмесін біріктіретін арнайы мыс сымды пайдаланыңыз.

Қуаты	Мыс сым қимасы (мм^2)
3,3 кВт	≥2,5

- Су ысытқыштың автоматты ажыратқышы келесі сипаттамаларға сай келу тиіс:

Қуаты	Автоматты ажыратқыш (А)
3,3 кВт	≥20

- Электр қуатын қосу, су құбыры жүйелері қосылып, тексерілгеннен кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс.
- Электр су ысытқыш сенімді түрде жерге тұйықталған болуы керек.
- Аспапты орнату және пайдалану кезінде, осы нұсқаулықта келтірілген талаптар мен нұсқауларды қатаң ұстаныңыз.
- Пайдаланар алдында су ысытқышты сумен жабдықтау жүйесіне қосыңыз, су ысытқышқа қосылған кранның шығысынан су ағуы үшін кранды ашыңыз, содан кейін ғана қыздыруды қосыңыз.
- Қатты суытылған аспапты қолданбаңыз, температураның қалпына келуін күте тұрыңыз.
- Иілгіш краны зақымдалған аспапты қолданбаңыз.
- Су ысытқыштан шығатын судың температурасы өте жоғары болуы мүмкін, сол себепті аспапты қолданудың алдында күйік шалмауы үшін шығатын судың температурасын тексеріп алыңыз.
- Аспап дұрыс орнатылмаса немесе осы нұсқаулықтың талаптарын бұза отырып пайдаланылса, ол істен шығып, пайдаланушының денсаулығы мен мүлкіне зиян келтіруі мүмкін.
- Аспапты қолдану барысында су беру тоқтатылған жағдайда, электр қуатын сөндіру қажет.
- Аспапты үй-жайдан тыс жерге орнатуға болмайды. Аспапты сумен жабдықтау және су бұру жүйесімен жабдықталмаған үй-жайға орнатуға болмайды.
- Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу алдында, аспапты сөндіру керек.
- Аспап температурасы 0 °С-ден төмен түсуі мүмкін үй-жайда орнатылмауы тиіс.
- Аспап су тиюі мүмкін үй-жайда орнатылмауы тиіс. Су ысытқыш ағын релесі бірқалыпты жұмыс істеуі үшін тігінен орнатылуы тиіс.

Құрылғыға күтім жасау

Аспаппен жұмыс істеу барысында, кранның тесіктерінде қақ пайда болуы мүмкін.

Пайдалану кезінде туындауы мүмкін ақаулар

Су тым ыстық	Кірістегі су ағынын кранның көмегімен арттырыңыз. Су беру құбырларын тазартыңыз.
Су тым суық	Электр қуатын тексеріңіз. Су ағынын азайтыңыз.
Су ысытуға ұзақ уақыт кетеді	Температура шектегіші алдыңғы қыздырғаннан бері жұмыс істеп келеді.

Бұл қолданылатын өңірдегі судың кермектігіне байланысты. Бұл аспаптың жұмыс істеу (қыздыру) тиімділігін төмендетеді, су ағынын нашарлатады және қыздыру колбасындағы су қысымын жоғарылатады.
Осындай құбылыстардың алдын алу үшін душ саптамасын немесе кранын арнайы тұрмыстық химиялық заттармен және жұмсақ қылшақтардың көмегімен жүйелі түрде тазалап тұру керек.

а) Сыртын тазалау:
- су ысытқышты желіден ажыратыңыз және суытып алыңыз;
- аспап корпусының бетін сәл суланған жұмсақ шүберектің көмегімен, содан соң құрғатып сүртіңіз.
  Тазалау үшін абразивті тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.

б) Сүзгіні тазалау
  су ысытқыштан судың берілу жылдамдығы төмендеген болса, онда су ысытқышқа суық су кірісінде және су ысытқыш шығысында орнатылған шашыратқышқа орнатылған бастапқы тазарту сүзгісін тазалау керек.
  Ол үшін төмендегідей әрекеттерді орындау керек:
- аспапты электр желісінен ажыратып, толығымен суытыңыз;
- су ысытқышқа берілетін суық суды жабыңыз;
- су ысытқыштан суық су беру құбыршегін бұрап алыңыз, торлы бастапқы тазарту сүзгісін шығарып алыңыз, икемді иілгіш құбыршектегі шашыратқышты шешіп алыңыз және ағынды сумен шайыңыз;
- біріктіргіш сымдар желісін кері тәртіппен қалпына келтіріңіз.

Кепілдік

Кепілді қызмет көрсету мерзімі — 2 жыл.
Кепілдік бойынша қызмет көрсету кепілдік талонында атап көрсетілген кепілдік міндеттемелеріне сай жүзеге асырылады.

Пайдалану мерзімі:

Аспапты пайдалану мерзімі: орнату және пайдалану бойынша тиісті ережелерді сақтаған жағдайда — 5 жыл.

Кәдеге жарату

Қызмет ету мерзімі аяқталған соң, су ысытқышты кәдеге жарату керек.
Су ысытқышты кәдеге жарату бойынша толығырақ ақпаратты жергілікті билік органы өкілінен ала аласыз.

Өндірілген күні

Өндірілген күні аспаптың корпусындағы стикерде көрсетілген, сондай-ақ Code-128 кодында шифрланған. Өндірілген күні келесідей анықталады:



өндірілген айы және жылы

Тасымалдау және сақтау

Өндірушінің қаптамасындағы су ысытқыштарды көліктің осы түрінде қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес үсті жабық көліктің барлық түрімен тасымалдауға болады. Тасымалдау шарттары: –50 °С мен +50 °С аралығындағы температурада және 80 %-ға дейінгі (+25 °С болғанда) салыстырмалы ылғалдылығында тасымалдау керек.
Тасымалдау кезінде көлік құралы ішінде су ысытқыш салынған қаптаманың кез келген ықтимал түрде соғылуына және жылжуына жол бермеу керек. Тасымалдау және қаттау қаптамада көрсетілген манипуляциялық белгілерге сай орындалуы тиіс.
Су ысытқыштар +1 °С мен +40 °С аралығындағы температурада және салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-ға дейін (25 °С ауқымында) болған жағдайда өндірушінің қаптамасында сақталуы тиіс.

Сертификаттау

Тауар Кеден одағы аумағында сертификатталған.

Тауар мына талаптарға сәйкес келеді:
КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы»
КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі»

Өндіруші:
SIA «Green Trace»,
LV-1004, Biekensalas iela, 21, Riga, Latvia

СИА «Грин Трейс»
ЛВ-1004, Латвия, Рига, Бикенсалас к-сі, 21.
e-mail: info@greentrace.lv

РФ-дағы импорттаушы және өндірушінің өкілетті тұлғасы:
«Ай.Эр.Эм.Си.» жауапкершілігі шектеулі қоғамы
РФ, 119049, Мәскеу қ., Ленинский даңғылы, 6 үй, 7 құр., 14 кабинет
Телефакс: +7 (495) 2587485
e-mail: info@irmc.ru

Өндірілген күні аспаптағы заттаңбада көрсетіледі.

Өндіруші өнім конструкциясы мен сипаттамасына өзгерістер енгізу құқығын сақтап қалады.

Electrolux is a registered trademark used under license from AB Electrolux (publ.).
Электролюкс — Electrolux AB (жария.) сәйкес қолданылатын тіркелген сауда маркасы.

Қытайда жасалған

Техникалық сипаттамалар

Артикул	Taptronic Prime
Электр қуат көзі, В~Гц	230 ~ 50
Номиналды ток, А	14,3
Номиналды қуат, кВт	3,3
Жұмыс қысымы, бар	0,4–6
Өнімділігі (Δt 29 °С кезінде), л/мин	1,48
Су температурасын реттеу диапазоны, °С	20–60
Қорғаныс класы	IPX4
Электр қорғаныс класы	I класс
Желіге қосылу кабелі, мм^2	3 × 1,5
Аспап корпусының өлшемдері, мм	190 × 225 × 120
Қаптаманың өлшемі (Е × Б × Т), мм	277 × 345 × 129
Таза салмағы, кг	1,5
Жалпы салмағы, кг	1,8

Өндіруші қосымша хабарламай өзгерістер енгізуге құқылы.

Кепілдік талоны

Осы құжат тұтынушылардың заңмен белгіленген құқықтарын шектемейді, бірақ тараптардың келісімі мен шартын көздейтін және заңда ескерілген мән-жайларды толықтырып, нақтылайды

Ең жақсы сападағы техниканы
сатып алғаныңыз құтты болсын!

Түсініспеушілік туындамауы үшін, өнімді орнатуға/пайдалануға дейін оны пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз.
Өнімнің техникалық сипаттамаларын жақсарту мақсатында, оның конструкциясына, жинақтамасына немесе жасау технологиясына өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер Сатып алушыларға алдын ала хабарламай енгізіледі және бұған дейін жасалған өнімді өзгерту/жақсарту бойынша міндеттемелерді қамтымайды.

Өнім туралы қосымша ақпаратты Сатушыдан немесе Мәскеу қаласындағы ақпараттық желіміздің сұрап біле аласыз:

Тел. 8-800-500-07-75
(Ресей бойынша қоңырау шалу тегін, тәулік бойы 24/7/365).
e-mail: customer@home-comfort.ru
Интернеттегі мекенжайы:
www.home-comfort.ru

Өнімнің сыртқы түрі және жинақтамасы
Өнімнің сыртқы түрі және жинақтамасын жақсылап тексеріп алыңыз, сатып алу кезінде өнімнің сыртқы және жинақтамасына қатысты кінәрат-талаптарды Сатушыға беріңіз. Сатып алынған аспапқа Сатушы, мамандандырылған сервис орталықтары немесе аспапты орнатқан ұйым (өнімді арнайы тәсілмен орнату, қосу немесе құрастыру керек болса) кепілдік бойынша қызмет көрсетеді.
Өнімге техникалық қызмет көрсетуге байланысты барлық мәселелер бойынша мамандандырылған сервис орталықтарына хабарласыңыз. Өнімді жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге өкілетті сервис орталықтары туралы толығырақ ақпарат жоғарыдағы сайтта көрсетілген.

Кепілдік талонын толтыру
Кепілдік талонын мұқият оқып шығыңыз, оның дұрыс толтырылуын және Сатушы мөртаңбасының болуын қадағалаңыз. Сатушы мөртаңбасы және сатылған күні (немесе сатылған күні көрсетілген кассалық чек) болмаса, кепілдік мерзімі өнімнің өндірілген күнінен бастап есептеледі.
Кепілдік талонына қандай да бір өзгерістер енгізуге, сондай-ақ онда көрсетілген деректерді өшіруге немесе көшіріп алуға тыйым салынған. Кепілдік талонында өнім атауы және үлгісі, сериялық нөмірі, сатылған күні, сондай-ақ өкілетті тұлғаның қолы мен Сатушы мөртаңбасы болуы тиіс.
Аспапта өндіруші кінәсінен ақау пайда болса, оны жою міндеттемесі өндірушінің өкілетті ұйымына жүктеледі. Бұл жағдайда сатып алушы Сатушыға жүгінуге құқылы.
Аспапты орнатқан (орнатушы) ұйымның кінәсінен аспапта туындаған ақау үшін орнатушы ұйым жауапты болады. Бұл жағдайда, аспапты орнатқан (орнатушы) ұйымға хабарласу керек.
Өнімді орнату (қосу) үшін (оны арнайы тәсілмен орнату, қосу немесе құрастыру керек болса),білікті мамандар қызмет көрсететін мамандандырылған сервис орталықтарына хабарласыңыз. Сатушы, өндірушінің өкілетті ұйымы, импорттаушы және өндіруші өнімінің дұрыс орнатылмауы (қосылмауы) салдарынан туындаған кемшіліктерге жауапты емес.

Кепілдіктің қолданылу аясы
Берілген кепілдік шеңберінде қызмет көрсету ҚР аумағында ғана жүзеге асырылады және ҚР-да сатып алынған өнімдерге қолданылады.
Осы кепілдік өнім алғаш рет сатылған ҚР-дан басқа кез келген елде қолданылатын ұлттық не жергілікті техникалық стандарттар мен қауіпсіздік нормаларына өнімді сай келтіру мақсатымен, өндірушінің алдын ала келісімін алмай өзгертіп жасау немесе реттеу нәтижесінде келтірілген нұқсанды өтеу және оның орнын толтыру құқығын бермейді.

Осы кепілдік өнімнің өндірістік немесе конструкциялық ақауына қолданылады
Өнімді жөндеу және оның ақаулы бөлшектерін ауыстыру жұмысын өкілетті сервис орталығының мамандары сервис орталығында немесе Сатып алушының өзінде (сервис орталығының қалауынша) орындайды. Өнімді кепілдік бойынша жөндеу жұмысы 45 күннен асырмай орындалады. Тауардың кемшіліктерін жою кезінде оларды Тараптардың келісімімен белгіленген мерзім ішінде жойылмайтыны анық болса, Тараптар тауардың кемшіліктерін жоюдың жаңа мерзімі туралы келісім жасаса алады.
Өнімнің қосалқы бөлшектеріне (өнімнен қандай да бір құралдарсыз алынуы мүмкін бөлшектер, яғни жәшіктер, сөрелер, торлар, себеттер, саптамалар, қылшақтар, түтіктер, құбыршектер сияқты және т.б. қосалқы бөлшектер) 3 (үш) айды құрайды. Өнімге кепілдік бойынша немесе ақылы негізде жөндеу кезінде орнатылған, не болмаса өнімнен бөлек сатып алынған жаңа қосалқы бөлшектерге белгіленетін кепілдік мерзімі: жөнделген өнімді Сатып алушыға берген немесе оған осы қосалқы бөлшектерді сатқан күннен бастап 3 (үш) айды құрайды.

Осы кепілдік келесідей жағдайларға қолданылмайды:
• өнімге мерзімді қызмет көрсету және сервистік қызмет көрсету (сүзгілерді немесе сүзгі қызметін атқаратын басқа құрылғыларды тазарту, алмастыру);
• өнімді кез келген тәсілмен бейімдеу және өзгерту, өндірушінің алдын ала жазбаша келісімін алмай, өнімнің пайдалану нұсқаулығында көрсетілген әдеттегі қолдану саласын жетілдіру және кеңейту;
• жеткізілім жиынтығына кіретін аксессуарлар.

Сонымен қатар тауардың ақауы келесі жағдайлардың нәтижесінде туындаған болса, осы кепілдік қолданылмайды:
• өнімді мақсатына сай, Пайдалану нұсқаулығына сай қолданбау, сонымен қатар өнімді артық жүктеу немесе Сатушы, өндірушінің өкілетті ұйымы, импорттаушы, өндіруші мақұлдамаған қосалқы жабдықпен бірге қолдану;
• өнімде механикалық зақымдардың (жарықтар, кертіктер және т.б.) болуы, өнімге шамадан артық күштің, химиялық агрессивті заттардың, жоғары температуралардың, жоғары ылғалдықтың/тозандықтың, концентрацияланған булардың әсер етуі, егер осылардың бірі өнімнің ақауының себебі болса;
• өнімді өкілетті емес ұйымдардың/тұлғалардың өнімді жөндеуі/реттеуі/орнатуы/бейімдеуі/іске қосуы;
• құрылғыны дұрыс қолданбау салдарынан оның беткі қабатында туындаған физикалық немесе косметикалық зақымдар;
• Тасымалдау/сақтау/орнату/пайдалану ережелері бұзылған болса;
• дулей апаттар (өрт, су тасқыны және т.б.) және өнімге зиян келтірген Сатушыға, өндірушінің өкілетті ұйымына, импорттаушыға, өндірушіге және Сатып алушыға бағынбайтын басқа да себептер;
• өнімді электр немесе су құбыры желісіне дұрыс қоспау, сондай-ақ электр не су құбыры желісінің және басқа да сыртқы желілердің ақаулары (жұмыс параметрлерінің сай келмеуі);
• өнім ішіне бөгде заттардың, пайдалану нұсқаулығында көзделгеннен басқа сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік әрекеті өнімдерінің кіріп кетуі салдарынан туындаған ақаулар және т.б.;
• шамдарды, сүзгілерді, қуат көзі элементтерін, аккумуляторларды, сақтандырғыштарды, сондай-ақ өнімнің шыны/фарфор/мата негізіндегі және қолмен тасымалданатын бөліктерін және табиғи тозуына байланысты өзіндік шектеулі жұмысқа қабілеттілік кезеңі белгіленген басқа да қосымша тез тозатын/ауыспалы бөлшектерін ауыстыру қажеттілігі;
• өнім жүйенің элементі ретінде қолданылған осы жүйенің ақаулары.

Су ысытқыш аспаптарға кепілдікпен қызмет көрсетудің ерекше шарттары
Су ысытқыш аспаптардағы кемшіліктер келесі жағдайлардың нәтижесінде туындаса, осы кепілдік қолданылмайды:
• су ысытқыш аспаптың сипаттамаларында жазылған зауыттық тақтайшада көрсетілген судың барынша көп рұқсат етілген су қысымының бір рет қана шектен асып кетуі немесе қатып қалуы;
• қорғайтын құрылғыларсыз немесе су ысытқыш аспаптардың техникалық сипаттамаларына сай келмейтін құрылғыларсыз пайдалану;
• тоттануды белсенді тудыратын суды пайдалану;
• электр-химиялық реакциядан, су ысытқыш аспаптарға пайдалану нұсқаулығына сай уақтылы техникалық қызмет көрсетпеу салдарынан тоттану (соның ішінде: нұсқаулықта белгіленген техникалық қызмет көрсету жүйелілігі мен мерзімдерін нұсқаулықта көрсетілген мөлшерде сақтамау).

Сатып алушы, тауар РФ Үкіметінің 19.01.1998 ж. № 55 қаулысымен бекітілген «Қайтаруға немесе өлшемі, пішіні, габариті, үлгісі, түсі немесе жинақтамасы басқа үқсас тауарға айырбастауға жатпайтын тиісті сападағы азық-түліктік емес тауарлар тізбесінде» көзделген тауарлар санатына жатқызылған болса, ол «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 25-бабында және РФ АК 502-бабында көрсетілген тәртіп бойынша сатып алынған өнімді айырбастап беруді талап етуге құқылы емес. Сатып алушы Кепілдік талонына қол қойған сәттен бастап:
• сатып алынған өнім мен оның тұтынушылық қасиеттері туралы барлық қажетті ақпарат Сатып алушыға «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 10-бабына сәйкес толық көлемде ұсынылған;
• сатып алушы сатып алынған өнімнің қазақ тіліндегі Пайдалану нұсқаулығын алған болып есептеледі, және
..... ;

• сатып алушы сатып алынған өнімге кепілдікпен қызмет көрсету талаптарымен/оны пайдалануды ерекшеліктерімен танысып шыққан және оған келісім берген болып саналады;
• сатып алушының сатып алынған өнімнің сыртқы түріне/жинақтамасына қатысты шағымдары жоқ.
..... ;

Өнімнің жұмысы Сатып алушының көзінше тексерілген болса, осында белгі қою керек.

Сатып алушының қолы: .....

Күні:.....

Нұсқаулықтың мәтіні мен сандық белгілерінде техникалық қателер мен жаңылыс жазылған жерлер болуы мүмкін. Техникалық сипаттамалар мен ассортименттер алдын ала хабарламастан өзгертілуі мүмкін.

Электролюкс - Electrolux AB (жария) лицензиясына сәйкес пайдаланылған тіркелген сауда белгісі.

www.home-comfort.ru
www.electrolux.ru

2020/1

